

**Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру
және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі
2021 - 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулы жобасына
түсіндірме жазба**

1. Жобаны әзірлеуші мемлекеттік органның атауы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

2. Тиісті нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Үкімет пен Кеңсе басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдаудың негіздемесі және/немесе оны қабылдау қажеттілігінің басқа да негіздемесі

«Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығын іске асыру, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның екінші кезеңін жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында

3. Жоба бойынша қаржылық шығындардың қажеттілігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есептеулер, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі)

Республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде

4. Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарлар

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік жағдайын тудыру арқылы, барлық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету

5. Нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелердің мерзімдері

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықты түйсіну деңгейін 65% -ға дейін төмендету, қоғамдық бақылауды күшейту, 2021-2023 жылдар ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін жоғарылату.

6. Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер

«Қазақстан Республикасының 2015 – 2025жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2018 –

2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 921 қаулысы.

7. Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізудің талап етілетінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы

Талап етілмейді

8. Реттеушілік әсерге талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпарат (ол бар болса)

Халықаралық шарт болып табылмайды.

9. Реттеушілік әсерге талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпарат (бар болса).

Талап етілмейді.

10. Қаулы жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)

2020 жылы 23 қарашада ашық нормативтік құқықтық актілер порталында орналастырылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) интернет-ресурсында орналастырылған.

11. Тауарларды сатуға, көрсетілетін қызметтерге немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты жобаны, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар қаулының жобасына баспасөз релизін орналастыру туралы ақпарат уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады

Талап етілмейді.

12. Мемлекеттік құпияларды және (немесе) қызметтік ақпаратты қамтитын жобаларды қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі" ақпараттық жүйесінде беруге рұқсат етілген қызметтік ақпарат тізбесіне сәйкес жобалар мен оларға материалдарды Үкімет мүшелерінің мобильдік құрылғыларына "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі" ақпараттық жүйесі арқылы беру мүмкіндігі", Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының және Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 25-1-32дсп/22П-ҚБПУ бірлескен бұйрығымен бекітілген

Рұқсат етіледі.

13. Қаулы жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі

Халықаралық шарт болып табылмайды.

14. Үкімет актісінің қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығындарының азаюын және(немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптардың нәтижелері

Талап етілмейді.

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының және аккредиттелген объективті жеке кәсіпкерлік субъектілерінің сараптамалық қорытындысымен келіспеу себептерінің негіздемесі

Талап етілмейді

**Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)
Төрағасы**

А. Шпекбаев